



12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Израиль мен Палестина  
дәстүрлерінің алғашқы таспалары





**Дәрістің мақсаты:** жас әрі дамып келе жатқан этномызыкатану саласындағы материалдарға негізделген зерттеуді ұсына отырып, Израиль мен Палестина дәстүрлерінің алғашқы таспаларының ең ертедегі Таяу Шығыстағы халық музыкасының топтамалары мен дамуының кейбір мәселелерін қарастыру. Дәрістің материалдары Кембридж университетінің докторы Рут Ф. Дэвистің еңбегіне сүйенеді.

Палестинадағы Араб ұлттық архивіне қарай бағыт Рамаллахтағы Халық өнері орталығының Палестинада Ұлттық дыбыс мұрағатын құруға тырысуы вакуумды жағдайда туған дүние емес. «Дәстүрлі музыка мен ән» зерттеу жобасы - шағын көлемдегі жекелей жүргізілген жинақтау жұмыстарынан соң үйлену тойларында кенеттен ойналатын топтық би дебкенің құрметіне ғырақ әл-дабке деп аталған дәстүрлі Палестиналық халықтық би мен музыканы заманауи қойылымдарда ұсынуға маманданған топтың тарапынан ойға алынды. Дженнифер Ладкани Палестиналық босқындардың тәжірибесіне сүйенген ғырақ әл-дабкеге қатысты зерттеуінде мұндай фольклорлық топтардың қарқын алуын 1948 жылдардың айналасында Иордания, Сирия, Ливандағы босқын лагерлерінде халықаралық үкіметтік емес ұйымдар тарапынан құрылған әлеуметтік орталықтарға ( жамағат) байлынысты дейді. Халық өнері орталығының өзі бірінші Интифада басталған уақытта 1987 жылы құрылды, бастапқыда «Фырка әл-Фунун әл-Шә’биия әл-Филәстиниия» (Палестина халықтық өнер труппасы) немесе жәй ғана әл-Фунун деген атпен танымал әлеуметтік озық би тобы әртістерінің өздеріне арналған форум ретінде құрылған еді. 1979 жылы негізі қаланған әл-Фунун ер адамдар мен әйелдер қоян-қолтық билейтін және әйелдер ұйымдастыру жұмыстарында басты рөл ойнайтын алғашқы Палестиналық би тобы деген атқа ұмтылады. Ашық саяси бағдарламадан да, басқа да ғырақ әл-дабке фольклор топтарын дәлме-дәл қайталаудан қаша отырып, әл-Фунун Палестина фольклорын заманауи шығармашылық қалыптарға сай қайта қарай отырып, мәдени жаңғыруға негіз етіп дамытуға күш салады; бұл ұйым болашаққа болжамын «Палестина араб мәдени мұрасын қазіргі және келешектегі мұраттарына сай шығармашылық тұрғыдан артикуляциялау» ретінде сипаттайды. Ладкани әл-Фунунның ұстанымын бәз кешу арқылы қарсы тұру түрі ретінде «Палестина фольклорын болмыстың елес күйіне қайта орналастыру жолы; би, музыка және драма арқылы тарихи тұрғыдан идеал болмысын тапқан Палестина халқын «жасау»; ешқашан оккупация, ыдырау мен отарлық көрмеген бір ұлт» деп сипаттайды.

1999 жылы ақпанда әл-Фунун Загхариид (гуілдер) атты бірінші CD жинағын Sounds True компаниясының тауарлық белгісімен шығарды. «Дәстүрі музыка мен ән» атты зерттеу жобасы үшін жинақталған дәстүрлі Палестина үйлену тойының заманауи көрінісінде әндердің және аспапты шығармалардың лайықтамалары концерттік реттегі қойылымға және дәстүрлі емес нарративке айналды. Бұл жерде неке күйеу жігіт пен қалыңдықтың ата-аналарының қалауымен жүзеге асатын дәстүрлі тәжірибеге қарағанда қалыңдық күйеуін ата-анасының батасымен өзі таңдайды.

Ослодағы бейбіт келісімнің бес жылдығынан соң бес ай өткенде жарыққа шыққан болатын, бұл дата егер келісім толық орындалғанда Палестина тәуелсіз мемлекетке айналатын күн болар еді. 2000 жылдың қыркүйегінде Екінші Интифада бұрқ ете қалды.

XXI ғасырдың екінші онжылдығының басында Палестина Ұлттық дыбыс мұрағаты қол тимеген күйі сақталып, қоғам үшін ашық күйде қалды. Алайда 1990 жылдардағы бастамалардан соң оны жинақтау мен зерттеу жұмыстары тоқтап қалды. Даулы «қауіпсіздік тосқауылымен» Иордан өзенінің Батыс жағалауы территориясын Израильден бөліп тұрған, оған тек әскери бақылау-өткізу пункттері арқылы ғана өту мүмкін болатын Рамаллахтағы топтаманың орны Иерусалимнен шамамен 10 милль қашықтықтан мұнарланып көрінеді. Роберт Лахманн араб әндері мен аспаптық пьесалары көбіне осы қалалар мен қыстақтардан шамамен алпыс жыл бұрын жинақталған. Халық өнері орталығының (Палестина араб музыкаларының көшірмесінен Израиль Ұлттық дыбыс мұрағатына жеткізуші) ұлтпен шектелген тұжырымдамасымен салыстырғанда Лахманнның араб музыкасы таспалары шығыс музыкасын ауқымдарық салыстыра зерттеудің бір бөлігі ретінде ойластырылған еді, бұл жұмыстар шекаралары Палестинадан тысқары шығып Таяу шығыстың ауқымды бөлігіне ұласатын барлық этникалық, діни және әлеуметтік топтарды тең дәрежеде қамтитын. Әрқайсысы өзінің ерекше маңыздылығына күмәнданбайтын, сол дәуірдің жүзеге аспаған саяси идеологиясы мен күн тәртібін кескіндейтін бұл екі топтама да еқұдай сағыздай созылған жағдайымен бір-біріне ұқсас келеді, бұл екеуінің де қолға алған жобалары уақыт еншісінде мұз болып қатып тұр.

Араб мәселесіне қатысты Магнестің қайғысы оның Еврей университетіндегі 1935 жылға дейін созылған он жыл бойғы ұйымдастырушылық жұмысында басымдық беретін бағыттарын анықтады. Нәтижесінде ашылған кезде университет үш институттан құралды: Еврей және шығыс зерттеулері, химия және микробиология институттары болды. Дәл араб мәселесіне қатысты қайғысы секілді дәл солай он жылдан



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім  
Дәріс: Израиль мен Палестина дәстүрлерінің алғашқы таспалары  
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

соң еврей салыстырмалы музыкатану мен араб музыкасының маманы Роберт Лахманды шақырып, жас университетте шығыс музыкасының архивін ашу ісі оған шабыт берді.

Пруссия мемлекеттік кітапханасындағы кітапханашы қызметінен нацистік үкімет 1933 жылы алып тастаған Лахман 1934 жылдың басында Магнеспен хат алмаса бастады. 1934 жылы 4 ақпанда Лахманның бұрынғы ұстазы және жасы үлкен әріптесі, Лахманды Магнеске ұсынған Мемлекеттік кітапхананың музыка бөлімінің директоры Йоханнес Вольф сол кезде университетке салыстырмалы музыкатану маманын жұмысқа алу белсенді түрде кіріскен еді. 1935 жылдың сәуірінде университеттің канцелярия басшысы ретіндегі Магнестің қызметінің мерзімінің аяқталуына бар жоғы алты ай қалғанда Лахман ұлты еврей емес техник-көмекшісі Вальтер Шурмен бірге Палестинаға келіп жетті, ол өзімен бірге дыбыс жазу құрылғысымен, жеке кітапханасымен және 1913 жылы Идельсон Берлин фонограмма архиві үшін жасаған 500 жуық цилиндр таспасы мен көшірме цилиндрі бар коммерциялық таспаларын алып келген еді.

Салыстырмалы музыкатанушы ретінде Лахман ежелгі және модерн азиялық және еуропалық дәстүрдің кең ауқымды мұрасымен таныс еді: Кітапхананың музыка бөлімінің маманы ретінде жазған оның басылымдарының ішіне Мемлекеттік кітапханадағы Й.Гайдн мен Ф.Шуберттің қолжазбалары кіреді, 1929 жылы жарық көрген Шығыс музыкасы (Musik des Orients) атты классикалық монографиясында азиялық түрлі дәстүрлердің музыкалық жүйесін салыстыра отырып талдайды. Дегенмен Лахман бірінші кезекте араб музыкасының білгірі саналатын. Оның Берлин университетіндегі докторлық диссертациясы Вунсдорфтағы (Бранденбург) тунистік әскери тұтқындардың музыкасына арналған еді, ол I Дүниежүзілік соғыс барысында аудармашы болып қызмет еткен-ді. 1920 жылдары Солтүстік Африка бойынша ауқымды далалық зерттеулер жүргізді, 9 ғасырдағы араб ғалымы әл-Киндидің музыка жайлы трактатының аудармасын жасады және редакциялады. Сонымен бірге, 1932 жылы Каирде өткен Араб музыкасы Конгресінде комитет төрағасы болып сайланды. 1935 жылдың маусымынан 1938 жылдың мамыр айына дейін Лахман Палестинада 959 металл таспа дискін дайындап, Иерусалимдегі «шығыс» қауымдастықтарының киелі хәм зайырлы дәстүрлерін хатқа түсірді; ғылыми айналымға еніп, ұсынылғандардың арасында бәдәуилер, қыстақ және қала араптары; христиан-армяндар, копттар, грек православиялықтар мен яacobиттер (Сирия православиеліктері); шығу тегі йемендік, күрд, солтүстік африкалық және вавилондықтар болды; Үндістандағы самаритиандар болды. Орындаушылардың ішінде тек ер адамдарды таспаға жазған Идельсонмен салыстырғанда Лахман бәдәуилер мен араб қыстақтарындағы әйелдердің де әндерін жазды.

Идельсонның 15 жылдан астам уақыт зерттеу еңбегін мұрағаттің қызметі жайлы көптеген есеп жазбаларында әрдайым еңбегінің Иерусалимнен тысқары аймаққа, Палестинаның басқа бөліктері мен көршілес аймақтарға таралғаны қажет екенін баса айтып отырады. 1937 жыл, сәуір айындағы есебінде: «жақын келешекте ... Месопотамия діни әндерді « және «сириялық Хауран мен Нәждтағы бәдәуилік ән түрлерін» жазуды ұсынады. Бұған қоса ол «бұл институттың үздік жағдайы мен атқарар жұмысының шегі жоқ болуымен бірден-бір Таяу шығыс музыкасын зерттеу орталығы» болар еді, деген болжамын айтады. Ең бастысы Лахман табандылық сезімінен шабыт алған еді. Ол әлденеше рет «күн өткен сайын қарқын алып келе жатқан еуропалық ықпалдың себебінен толықтай қирап немесе өзгеріске ұшырамай тұрғанда осы баға жетпес музыкалық дәстүрді сақтап қалу үшін бұл материалдардың барлығы барынша тездетіп жиналуы тиіс», дегенді баса айтқан еді. Лахманның бұл қауіпі осылай қабылданды, өзінің алғашқы жылдық есебінде жалпылама түрде өз әдіснамасының кесікінін жасай отырып, ол «жергілікті музыканың қарқынды түрде құлдырап бара жатқанын есепке ала отырып, жинақталған материалдарға жазбаша баға беру жұмыстарынан гөрі оларды жинау жұмыстарына басымдық берілуі тиіс», дегенді ескертеді.

Палестинада еңбек еткен жылдарындағы Лахманның кәсіби хат алмасулары мен күнделігінде ақылға қонымсыз қаржылық проблемалармен әрі институтционалды қолдаудың жоқтығымен байланысты шеті жоқ кедергілер ағыны жайлы баяндалады. Кірісі ол жақтағы жұмысына бір жыл барысында қолдау көрсетуге жетпейтінін көрсете отырып, ол жылдық шығындарының кестесін Иерусалимде тек қыс мерзіміне есептетті, ал жазғы маусымды Еуропада (Берлин мен Лондон) өткізіп, Берлиндегі бұрынғы жұмысынан 1937 жылға дейін зейнетақы алып отырды. Оның бастапқыдағы Шығыстану мектебіне ғылыми қызметкер ретінде бір жылға тағайындалуы тағы екі жылға ұзартылды: алайда, 1938 жылы мамыр айында Магнес ендігі оның ректоры болып қызмет етпеген кезінде, оның Лахманнды тұрақты жұмысқа алу туралы өтінішін университет қабылдамады, мұның орнына «ары қарай міндеттемесіз» оның жұмысына тағы үш жыл қолдау көрсетуге келісті. Сол жазда Лондонға барған кезінде Лахман BBC-дің шетел қызметінің көмегіне арқа сүйегісі келген еді, ол әрекеті сәтсіз болды: Иерусалимге оралған соң асқынған жүрек қантамыр ауруына шалдықты да, сол аурудан түбі оналмады: 1939 жылдың мамыр айында 46 жасында



көз жұмды. Міне, осы тұста семит текті халықтармен салыстырғанда көшпенділер мәдениеті отырышы халықтарға қарама-қарсы діл әлемін құрайтындығын көз жеткізген қазақ түркітанушылары Ұлы Дала көшпенділерінің айрықша білгілеріне назар аударған. Міне арабтың көшпенді бәдіуилері секілді түркі халықтарының ділі өзіндік әлем картинасын құрайтындығы қазіргі таңда дәлелденіп отыр.

Жер жыртумен айналысқан отырықшы халықтардың қалыптасуы тарихи тұрғыдан ұзаққа созылған үдеріс еді. Отырықшы халықтар өнім өндіру нәтижесінде материалдық ресурстарды жинақтауға дағдыланды. Өз кезегінде ол мемлекет шекарасының нығаюына септігін тигізді. Сол себепті отырықшы өркениеттің негізгі қасиеттері қалыптасты. Соның бастысы: Бір жағынан – қоғамның лауазымды топтарының экономикалық, саяси және мәдени жетекшілігі, ал екінші жағынан көпшілік халықтың оларға бағынышты да жағыныштылығы. Антик дәуірінің өзінде, яғни құл иеленушілік қоғамда Аристотель айтқандай : «құл қоғамның ең үздік қаруы». Яғни, отырықшы халықтар қоғамының бірінші даму сатысынан-ақ қоғамның күрделі экономикасы әлеуметтік таптарға бөлінудің нәтижесі болды.

Номадтар қоғамында экономикалық төңкеріс аз болды: аналық заман, аталық заман, әскери демократия, ерте феодализм (19 ғ дейін)тізбектеле дамығаны аян.

Жалпы аграрлы әлемнен номадтардың айырмашылығы :

- 1) қозғалыс құралының болуы;
- 2) қарқынды ырғақтағы өмірдің болуы;
- 3) көшпенділер өмірінің сапасы құлиеленушіліктің жоқтығымен айқындалады;

Сондықтан XX ғасырдың француз философы Рене Генон [1] диканшылар материалды өнер түрлерін көбірек туғызды және оларды мұражайларда, театрда, шіркеуде, кітапханада, яғни арнайы ғимараттарды қажет ететін құрылымдарда сақтады (театр, сурет, мүсін, сәулет, сонымен бірге музыка мен поэзияда болды). Отырықшы мәдениет өнімдері мұражай мен кітапханаларда сақталып, бұқара халыққа қол жетімсіздіктен өлі мұра ретінде ортақ болмай дербес шығып дараланды. Олар бүкіл халыққа ортақ болғаннан тек арнайы мамандардың түсінігін, арнайы білім алуды қажет етті. Бүкіл халықтың қарқынды айналымында болмағандықтан, өнер түрлері қоғам руханияты үшін «өлі мұра» болып қалды («қатқан өнер»).

Керісінше, көшпенділер өнерін Генон «шашыратылған өнер» д.а. себебі қоғамдағы әр азаматтың санасына өнер ортақ болып, үнемі орындалып, тыңдалып жадында, қоғам санасында даму үстінде сақталды, бүкіл қоғамға ортақ болды.

Отырықшы және көшпенділерді салыстырсақ көшпенділер XX ғасырда өркениеттілігі жағынан отырықшы халықтардан артта қалды (қоғамның материалдық базасы, экономикасы оған дәлел. Әрине ол екі әлемнің өмірлік ұстанымдарына, руханиятына, дүниетанымына байланысты. Осы ретте көшпенділер әлеміне тән қасиеттерді тізбектеуге кезек берсек:

1. Жайылымдық жерлерден тәуелділік малшылардың көшпенділікке үйренуін талап етті. Аталарымыз көзеу, қыстау, жайлауға көшу, күнкөріске қажетті заттардың аз мөлшерімен қарапайым өмірге үйренуді үйретті. Себебі: сел, жанбыр, тұтқиылдан жау жабуылы, эпидемиялар тез көшуге әрдайым бейім болуға жағыдай туғызды. Ал көштен қалу өліммен тең еді [2].

2. Сондықтан көшпенді өмір салты затқа табыну, арам пайда, оңай олжаға, шектен асқан сән салтанат пен байлыққа құнығушылықтың жоқ болуымен ерекшеленеді. Көшпенділер заттың құлы бола алмас еді. Себебі XIX ғасырға дейін қазақ даласында дүкен болмай, ақша күделікті өмірге керек те емес еді, ал жәрмеңкелер, жылына 3-4 рет қана өтіп тұрды. Көшпенділер ақшаға емес, айырбас арқылы өзіне керектің барлығын алған болатын. Мүлік жинау мен пайдакүнемдіктен көшпенділер мүлдем жүрдай болды, ақшаның құлы бола алмады, себебі көбінде ол тіпті жоқ та еді [2].

3. Өмірге қажетті заттармен ғана шектелуі көшпенділердің азық түлікте де, мінез-құлқында да қарапайымдылыққа, қанағатшыл болуға үйретті [2].

4. Затқа тәуелді болмағандықтан көшпенділер дана, кең пейіл, қонақжайлылығымен ерекшеленді. Олардың рухани дүниесі күйкі тірлік жасаудан, әбігерліктен, сараңдық пен ашкөздіктен жүрдай етті. Көшпенділер ішкі жан дүниені меңзей қарауға көп уақыт жұмсағандықтан алдыңғы қасиеттерді соңғысы ығыстырды. Көшпенділердің өмірінің қарапайымдылығы еті тірі, пысық, епті болуға икемдемеді. себебі қоғамның әр мүшесі қоғамдық ұжымның (ру, тайпа, ауыл) көз алдында өсті. Сондықтан ондай қоғамда адам бір ақ рет алдай алды. Одан соң бұлтартпас қатал жаза қолданылды. Әр азамат өз сөзіне және ісіне жауапты қарап, адалдық өмірлік ережелерге бағынды [2].

5. Көшпенділерде абақты болмады: өзімен алып жүру мүмкін емес, ал әр көшіқонда үй салу бос әурешілдікке баланды. Абақтылар XIX ғ. екінші жартысында пайда болды. Жалпы түрме ол адамға дұрыс



тәрбие берілмегені үшін адамды және қоғамның да жазалануы әдеткі дағдыға айналған. Көшпенділердегі жаза ерекше қатігездікпен орындалды: қолды, буынды, құлақты, мұрынды кесу, қаражаттай өтеу, өлім. Сондықтан қылмыс жасау да сирек еді [2].

6. Ұжымдастық, бір бірінен бөлінбеу және керісінше жалғыз күн кешу жазамен, ең далада қиналып өлумен тең еді. Ал басқа рулар оны өз ұжымына алмайтын, себебі ол жазаның түрі екенін білді.

7. Көшпенділерде орталықтандырылған күшті жоғарғы билікті болғызбау (шах, сұлтан, әмір) және жоғарғы билікті мойынсынбаған еркін өмір салты да дағдылы еді. Отырықшыларды көндіру оңай, себебі олар дүние мүлікке тәуелді. Сол себепті отырықшы халықтар әдетте қыспаққа шыдады. Ал көшпенділерде ондай қауіп болмағандықтан, олар кез келген уақытта көшіп кетуге әзір еді. Осыдан көшпенділердің тағы бір қасиеті: еркіндік, дербестік, тәуелділікке қарсылық қасиеттері қалыптасты [2].

8. Биліктен алшақ болу көшпенділерде жағымпаздық пен шенге бас ұрудан, еркін өмірді бәрінен қымбат санауға әкелді.

9. Табиғат апаттарымен бетпе бет келген көшпенділер өмірі келеңсіздіктеріге, қауіп қатерге толы болды. Сондықтан осы жағыдай көшпенділерді жауаптылыққа әрі төзімділікке, сабырлылыққа және Шыдамдылыққа, агрессия мен жауыздықтан бойын аулақ ұстауға үйретті. [2].

10. Малдың жиі қырылуы, адамдардың өлімі көшпенділерде өмір өтпелі, жалған, қу екеніне нық сенім туғызды. Осы себепті өмірде адам мен адамның қарып қатынасы маңызды, ұжымдасып қол ұшын беру, достық қатынастан маңызды нәрсе жоқ сенімінің таралуына әкелді. Бабаларымыз балаларға байлық емес, осы қасиеттерді дарыту керектігін анық білді. Адам осы дүниеде қонақ, оның жаратылысын мәңгі көк аспан бұйрығы шешеді. Ол қоршаған ортаның перзенті. Сондықтан табиғатты аялау, оған жыртқыш, тонаушы ретінде кесір келтіруге болмайтындығын бәрі білді. Бұл көшпенділер дүниетанымының гуманистік күре тамыры. Адам көмек, қолқабыс сұрағанда тікелей Мәңгілік Аспанға я аруаққа жүгінді.

11. XX ғ. 50-ші жылдарына дейін түркі көшпенділерінде темекі шегу, арақ, құлып, есірткі, жезөкшелік, көргенсіздік беймәлім еді, ол қасиетте тек өркениетпен жұғысты болды.

12. Көшпенділер қоғамы демократиялық заңдылықпен құрылды. Ақсақалдар, билер дауды шешсе, оларды бүкіл халық сайлап отырды. Билер, лауазымдылар бұқара халық секілді ортақ әдет ғұрыптарға, қоғам ережелеріне бағынды [2].

Қорыта келегенде көшпенділер табиғатпен етене араласып, онымен үйлесімде өмір сүрді, табиғат заңдылықтарын бұзбай, тәрбиенің өзегі адам жан дүниесін, санасын, болмысын тәрбиелеу, жанды таза ұстау, рухани кемелдену өмірінің басты мақсаты болғандығын көруге болады.

### Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Firqa al-Funun al-Sha'biyya al-Filastiniyya [Көпшілік өнердің Палестиналық тобы] (1999) Zaghareed [Ululations], Boulder, CO
2. Sounds True Gerson-Kiwi E. (1938) «Шығыс музыкасының Иерусалимдік мұрағаты», Musica Hebraica, 40-2 (1958) «Musicology in Israel», Acta Musicologica, (1974) «Роберт Лахманн: оның жетістіктері мен мұрасы», Юваль,
3. Гинзбург С. М., Марек П. С. (1901) Ресейлік еврей халық әндері, Санкт-Петербург: Voshkod; қайта басылым. Дов Ной, Рамат-Ган, Bar Ilan University Press баспасы, 1991 г.
4. Горен А. (ред.) (1982). Сиондағы өзгеше ойды ұстанушы : Иуда жазбаларынан Л. Магнеса, Кембридж, Массачусетс: Гарвард университетінің баспасы
5. Идельсон Ц. (1913-14) «DieMaqamen der arabischen Musik», Халықаралық зерттеулер студиясы, (1935) «Менің өмірім», Еврейлік музыкалық журнал
6. Кац Р. (2003) Лахман мәселесі: салыстырмалы музыкатанудың айтылмай кеткен тарауы, Иерусалим: Еврей университеті Magnes Press Kunst, J. (1955) Этно-музыкатану, Music ologica 2-ші ұлғайтылған шығарылымы, Гаага:
7. Лахман Р. (1974 және 1978) Өмірден озғаннан кейінгі шығармалары, Э. Герсон-Киви (ред.), 2 томдық, Иерусалим: Magnes Press, Еврей университеті
8. Ладкани Дж. (2001) Дебке музыкасы мен биі және палестиналық босқындардың тәжірибесі: сырттай көзқарас кітапта ', докторлық диссертация, Флорида штатының Университеті
9. Лехляйтнер Дж. (Ред.) (2004) Tondokumente aus dem Phonogrammarchiv der Osterreichischen Akademie der Wissenschaften, Gesamtausgabe der Historischen Bestande 1899-1950